

Жаңалық релизi

Алматы уақытымен 12:00/ 0700 UTC 2 наурыз, 2026 жыл дейiн жариялауға эмбарго

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Инфляциялық қысым салдарынан өндiрiс көлемi едәуiр төмендедi

Өндiрiс көлемi төрт айдағы ең жедел қарқында қысқарды

Ресурс құны мен сату бағасы ептеп, бiрақ күрт өсуi

Жұмыспен қамту, сатып алу және қоймадағы қор қысқарды

Ақпан айында Қазақстанда өнеркәсiп өндiрiсiнiң көлемi жаңа тапсырыстардың одан әрi қысқаруы аясында айтарлықтай төмендедi.

Кәсiпорындар жұмыспен қамтуды, белсендi сатып алу мен қоймадағы қорды қысқартты. Бұған қоса, қаңтарда ҚҚС-тың көтерелуiнен ресурс құны мен дайын өнiм бағасы қайта күрт өстi, дегенмен жыл басындағы деңгейге қарағанда бәсең.

Бiр жақсысы iскери сенiм екiншi ай қатарынан нығайып, өткен жылдың қазан айынан бергi ең жоғары деңгейге жеттi.


Freedom Holding Corp. ұсынған Қазақстан Өндеушi өнеркәсiп саласындағы PMI® (Сатып алу менеджерлерi индексi™) қаңтардағы 49,8 мәнінен ақпанда 48,1-ге дейiн төмендедi. PMI екiншi ай қатарынан 50,0-ден төмен түсiп, саладағы ахуалдың аздап төмендегенiн көрсеттi. Iс жүзiнде, iскери ахуал өткен жылдың тамызынан берi айтарлықтай нашарлады.

Операциялық ахуалдың бұл жолғы төмендеуiне негiзiнен ақпанда өндiрiс көлемiнiң айтарлықтай және жедел қысқаруы ықпал еттi. Өнiм көлемi қатарынан екiншi ай төмендеп, қысқару өткен жылдың қазан айынан бергi ең жоғары қарқынмен жүрдi.

Респонденттердiң пiкiрiнше, өндiрiстiң төмендеуiне жаңа тапсырыстардың азаюы, тиiсiнше сұраныстың болмауы түрткi болды. Жаңа тапсырыстар айтарлықтай болмаса да, қатарынан екiншi айда қысқарды.

Ақпанда жаңа тапсырыстар азайып, өндiрiстегi сұраныс төмендеген соң өндiрушiлер соңғы үш ай iшiнде алғаш рет жұмыспен қамтуды қысқартты. Кейбiр компаниялар қызметкерлерiн жалақысыз демалысқа жiбергендерiн хабарлады.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өндеушi салалар бойынша PMI Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дерек 2026 ж.10-20 Ақпан аралығында жиналған.

Дереккөз: Freedom Holding Corp. S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.


Пiкiр

Ерлан Әбдiкаримов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp.-тың 100% еншiлес компаниясы) Қаржылық талдау департаментiнiң директоры:

«Қазақстанның өндеу салалары, сiрә, ақпан айында бейiмделу кезеңiнiң ұзаруына байланысты ресурстарды белсендi оңтайландыру фазасына өткен сияқты. PMI индексiнiң екi ай қатарынан төмендеп, 48,1 тармаққа жетуi iшкi сұраныстың әлсiреуiн де, жоғары салықтық қысым жағдайында операциялық маржаны сақтап қалуға бағытталған мәжбүрлi стратегияны да көрсетедi. Бiз компаниялардың шығындарды қатаң басқаруға көшкенiн байқап отырмыз, бұл штат санын қысқарту мен қоймадағы қорларды азайтудың қатар жүруiнен көрiнедi — мұндай қадамдарға бизнес әдетте ұзаққа созылған белгiсiздiкке дайындық ретiнде барады. Соған қарамастан, 12 айлық кезеңге арналған сақталған оптимизм нарық қатысушыларының қазiргi құлдырауды уақытша түзету ретiнде қарастыратынын және жоспарланған инвестициялар мен жарнамалық науқандардың нәтижесiнен үмiт күтетiнiн көрсетедi. Алдағы айларда сектор үшiн басты сын-қатер — өнiм бағасын көтеру қажеттiлiгi мен тұтынушылық белсендiлiктiң одан әрi төмендеу қаупi арасындағы теңгерiмдi сақтау болмақ».



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Тұрақты түрде шикізат сатып алынған қаңтардан кейінгі ақпанда белсенді сатып алу да төмендеді.

Сатып алынған қорлар мен дайын өнім қорлары қайта азая бастады, осылайша қоймадағы екі және төрт айлық қор жинау тізбегі аяқталды.

Жұмыспен қамту, сатып алу және қордың қысқаруына қарамастан, компаниялар аяқталмаған жұмыс көлемін қысқартып, жыл басында байқалған олқылықты түзете алды.

Респонденттердің пікірінше, қаңтардағы ҚҚС-тың көтерілуі ақпанда компаниялардың ресурс шығынын арттыруына әкеп соқты. Ресурс құны тез өсті және инфляция қаңтарға қарағанда бәсеңдегенімен, 2022 жылғы қарашадан бері екінші рет өте қарқынды болды.

Дайын өнім бағасының инфляциясы қаңтардағы рекордпен салыстырғанда төмендесе де, компаниялар өз шығынын тұтынушыларға жүктегендіктен жоғары деңгейде қалды.

Бұған қоса, жыл басында жұмысы жақсарған жақсарған жеткізу тізбегінің жүк тасымалдау уақыты ақпанда аздап ұзарды.

Ақпанда өндіріс көлемі мен жаңа тапсырыстар саны азайғанына қарамастан, Қазақстандағы өндірушілері алдағы жылғы өндіріске қатысты, қаңтарға қарағанда оптимистік болжам жасады. Іс жүзінде, сенім деңгейі төрт айдағы ең жоғары көрсеткішке жетті.

Компаниялар тұтынушы сұранысы өседі деп санайды, жарнама және бизнесті кеңейту жөніндегі жоспарлар да өндіріс өсімін қолдауға ықпал етеді деп үмітенеді.

Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов
Қаржылық талдау
департаментінің директоры
Freedom Finance Global PLC
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Эндрю Харкер
Экономика жөніндегі
директор
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1491 461 016
andrew.harker@spglobal.com

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Ханна Брук
ЕМЕА елдері бойынша
коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 7483 439 812
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Егер S&P Global жаңалықтар релизін алғыңыз келмесе press.mi@spglobal.com поштасына хабарлаңыз. Біздің құпиялық саясатымыз туралы [осы тұстан](#) оқыңыз.

Әдістеме

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген. Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнаымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш - Сату жөніндегі менеджерлер индексі™ (PMI). PMI - келесі бес индекстің орташа есептелген мәні. Жаңа тапсырыстар (30%), Өндіріс (25%), Жұмыспен қамту (20%), Жеткізіп беру уақыты (15%) және Сатылым қоры (10%). Жеткізіп беру уақыты бойынша PMI есептеу үшін өзге индекстермен салыстырмалы бағытта қозғалатындай етіп алмастырылады.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдамаса деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртарапандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 11,3 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 21 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com